

Жабайхан Әбділдин

ТАҒЛЫМ

МЕН

ТАҒЗЫМ



Ж.М. Әбділдин

Тағлым мен тағзым

Алматы 2003

ББК 87.3

Ә-14

Ә-14 Әбділдин Ж.М.

Тағлым мен тағзым. — Алматы: Комплекс, 2003. — 176 б.

ISBN 9965-473-57-9

ББК 87.3

Ұлттық дәстүріміздің бірі — әңгіме айту, әңгіме тыңдау. Қазақи әңгімелеу — ұлы мектеп. Ол адамның ойлау қабілетін жетілдіретін, әсіресе жастардың адамгершілік көзқарасының қалыптасуына ықпал ететін дәстүр. Бұл кітапта автор өзінің естіген әңгімелерін, өмірінде болған елеулі кезеңдерді баяндайды. Кітап көпшілік оқырмандарға арналған.

Бас редактор

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының
академигі А.Қ. Қошанов

Жауапты редактор
К.К. Әбуғалиева


Редактор
М.Н. Жүмәділова

Көркемдеуші
Қ.Н. Нұрбекова

Ә $\frac{0301030000}{00(05)-03}$

© Әбділдин Ж.М., 2003

ISBN 9965-473-57-9



АЛҒЫ СӨЗ

Біз - үлкеніміз, кішіміз бар, кеңес дәуірінде несібе бөлісіп өскендердің бәрі дерлік бұл күндері ұлағат мұраттар жолында пір тұтқан біраз сүйеніш-тіректеріміздің баянсыздығын бірте-бірте сезініп, жарық дүниеге енді ғана өзгеше көзбен қарауға мүмкіндік ала бастаған ұрпақтар әулетіненбіз. Сонымен қатар сүйеніш-тіректің ең мықтысы да, маңыздысы да рухани бастаулар екеніне де көзіміз жетіп келеді. Әсіресе, еліміздің көне тарихы, ел басынан өткен ұлылы-кішілі оқиғалар, тарихи қайраткерлер туралы деректер — осылардың барлығы да қағазда емес, халық жадында өлең-жыр, аңыз-әңгіме болып сақталған, ел аузында өмір сүргенін түсіндік. Сондықтан да болуы керек халқымыздың рухани бастаулары — халық әдебиетін — зерттеуге деген құштарлық та өсе түсуде, оның өзектілігі де артуда.

Елбасының “Ішкі және сыртқы саясатының 2004 жылға арналған негізгі бағыттары” бойынша Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің экономикалық өсуі, әлеуметтік дамуы, демократияландыру мен басқарудың тиімді жолдары көрсетілуімен қатар, мәдени-тарихи мұраны сақтау мен руханият мәселесіне де ерекше көңіл аударылуы да осыдан болса керек. Онда, “осы заманғы ұлттық мәдениеттің, фольклордың, дәстүрлер мен салттарды зерделеудің біртұтас жүйесін, кеңейтілген көркем, ғылыми, өмірбаяндық дестелер мен гуманитарлық білім берудің толымды қорын жасау” мәселелері қойылған.

Көрсетілген бағыттарды басшылыққа алар болсақ, біздің егемен еліміздің зиялы қауымдары - ғалымдар, өнер иелері, ақын-жазушылар, жалпы әлеуметтік-қоғамдық, гуманитарлық сала өкілдері алдында тұрған басты міндеттердің бірі — осы талап-тілектерге дер кезінде үн қосу болмақ. Ал бұл мақсатқа жетудің бірден-бір жолы алдыңғы буыннан келе жатқан үлгілі, өнегелі сөздерге ілтипатпен қарауға, оларды ықыласпен

үйренуге меңзеген Абай өсиетін басшылыққа алу деп білеміз. Халқының сөз өнерін жетік білген Абай, оны аса жоғары бағалап, “толғауы тоқсан”, “білгенге маржан” деп інжу-маржанға теңейді. Бұларға қоса, халық болмысының өткенін, бүгінін және болашағын диалектикалық бірлікте қарастыру арқылы ғана біз тұтас рухани тарихымызды, бүтін болмысымызды түсініп, тани аламыз, өйткені халық - біртұтас феномен.

Оқырман назарына ұсынылып отырған бұл кітапта қазақ мәдениетіне, әсіресе, оның ғылымына өзіндік бар дарыны мен күш-қуатын жұмсаған Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің адами тұлғасының, қазақи болмысының, келбет-дидарының, рухани бағдарының тағы бір қырын анықтайтын шығармаларының бір шоғыры кірген. Ол ел ағасы, саясаткер, ғалым қаламынан шыққан ырысты да, ұлағатты, таным-тағлымды жолдарды түгел қамтымаған. Сонысына қарамастан ол бүгінгі заман талабымен үндесіп, соның сұранысынан туған шығарма екендігі күмән туғызбайды.

Кітап әңгіме түрінде баяндалған бес бөлімнен тұрады. Оларда автор көне заманнан бізге жеткен үлкендер мен белгілі адамдардан естіген, онан қала берді өз жадында қалған әңгімелерді, өзі араласа жүріп жасаған істерді қарапайым да, түсінікті тілмен баяндайды. Мұндағы мақсат — бүкіл халықтың сипатын, оның рухы мен ақылын, таным-тағлымын, адамгершілігі мен мінез-құлқын, өмір салты мен тұтас болмысын біздің ата мұрамыз, асыл қазынамыз — халық даналығы — арқылы жас ұрпақтар мен кейінгі толқынға жеткізу.

Әрбір шығармашылықты адамның өзінше өрнегі, сөз саптауы, ойлау жүйесі болады. Бұл туындыдағы автор өрнегі адам, ұлт психологиясының, дүниетанымының, кісілік келбеті мен адами болмысының сан-алуан сырын, себеп-салдарын, қалыптасу диалектикасын ашуға арналған. Еңбек автордың, өзімен бірге, бір дәуірде өмір сүрген, немесе,

араласып жүрген адамдардың болмыс бейнесі арқылы өзі өнегесін алған адамдарға өскен топырағына, туған жеріне деген перзенттік тәубашылығын танытумен де құнды.

Тумасынан ойшыл, дана халқымыз өзі өмір сүріп отырған орта, саялы табиғат, тұрмыс-тіршілік болмысын, ел-жұрт арасындағы қарым-қатынас, ел басынан өткен қилы-қилы кезеңдерді, жақсы-жаман жағдаяттарды ой-сана елегінен өткізіп, оған деген өзінің көзқарасын білдіріп отырған. Осындай халықтың ішкі жан сыры, адамдардың қатпар-қатпар құпияларының не заманнан келе жатқан нұр-сәулелерін қалай таратуға болады. Бастауы қайсы, ағар арнасы қандай, құйылар алтын атырауы қане — шығармада осылардың бәрі тілге жай ғана тиек болып қоймаған, таралымы, бояуы қанық күйінде әкеден естіген әңгімелер ретінде берілген. Кезінде Елбасы Н.Назарбаев өзінің “Ғасырлар тоғысында” атты кітабында соңғы жылдарда республикамызда әр түрлі мазмұндағы естеліктер мен мемуарлар жазғыштар көбейіп кеткенін, олардың “тарихты қайтадан кесіп-пішуге тырысып бағудағы басты мақсаттары: болып өткен оқиғаларды қақ төрінде бастарынан шұғыла шашыратып, жүздеріне күлкі үйіріп, шалжитып өздерін, болмаса ата-бабаларын отырғызып қою” екендігін әділетті сынаған болатын.

Бір айта кететін жәйт, автордың әкесінен естіген әңгімелерінен біз бұндай келеңсіздіктерді көрмейміз. Олар өз руларының, немесе, өз әулеттерінің басымдылығын, тектілігін баяндауға бағышталмаған. Керісінше, табиғатынан көзі ашық, көкірегі ояу, өзінің кең жазира туған даласындай дархан дарынды, ойын-сауықшыл, әзіл-қалжыңы мол, оптимист халқымыздың өзінің баға жетпес рухани қазынасын киелі дүниедей қастерлеп, кейінгі ұрпақтарының санасына сіңістіріп, болашаққа мәңгі өлмейтін мұра етіп қалдыратын дәстүр жалғастығын көреміз.

Барша қазақ мәдениетінің түп қазығы саналатын теңдесі жоқ қазыналардың бірі атадан, әкеден балаға

жеткен осы ескі қазыналар, ел аузындағы сөздер — деп түсінген Жабайхан Мүбәрақұлы да оған ерекше мән берген. Олар арада талай ғасырлар өтсе де ұрпақтан-ұрпаққа тарап, ел зердесінен мықтап орын алып, танымдық мәнін, тәрбиелік мазмұнын әсте жоймаған, заман ыңғайына қарай қайта түсініліп, қайта ұғылып отырған.

Сондықтан да, әке аузымен айтылған бір бөлек әңгімелерде адамға тән жақсы қасиеттер, адам өмірінің келеңсіз жағы, дәстүрлер, тіл мен шешендік өнер, ата кәсіп тағы басқалары кеңінен сөз болады. Мәселен, ұзын саны 50-ден астам әке әңгімесінде кісінің тапқырлығы, еті тірілігі, іске икемділігі мен ыждағаттылығы, тиянақтылығы, кісіге қолдау көрсету, батылдық, шешімділік, бірбеткейлік, істің мәнін түсіну, басқа елге, ұлтқа ұпайын жібермеу, намысын таптатпау, өз абройын сақтау мен қорғау жолында ақылы мен айбарын, білімін бірдей жұмсау қажеттілігіне біраз әңгіме арналған. Қайсыбірінде адамгершілікті дәріптеу, достықты бағалау, кеңпейілді болу, жақсылықты ұмытпау, мәселе ұзақ жасауда емес, ізгілікті, қызғылықты, толыққанды өмірде екендігі тәлімдік тұрғыдан ұғындырылады.

Әке әңгімесінде адамдар арасындағы пендешіліктен туындайтын көре алмаушылық, қызғаншақтық, бақталастық, ашкөздік, қомағайлық, жеңілтектік, сөзге тұрмау, өтірікшілдік, қиянатшылдық, ұрлық, үйренуге құлшыныстың жоқтығы, парасатсыз босқа өткен өмір осылардың бәрі ақылы аздау адамдардың өмір диалектикасын түсінбеуінен, онымен есептеспеуінен делінеді.

Халқымыздың ең көне дәуірден келе жатқан дәстүрлерінің тәлім-тәрбиелік, тағлымдық мәні зор. Әке әңгімесінің бір тұсы осыған ойысқан. Қазақта келісті, келбетті, дарынды, ақылды, өнерлі адамдарды сыйлау дәстүрі бар. Ғұламалар мен даналардың орны өз алдына бір бөлек. Ол үшін оларды айтпай тани білу керек. Әңгімеде адам деген зор атаққа лайық болу,

әдептен озбау, шүкіршілік, өзіңнің де, өзгенің де беделіне нұқсан келтірмеу, әркімнің жас ерекшеліктеріне, жынысына, қарай әдеп сақтауы кеңінен сөз болады. Сонымен бірге дәстүрдің озығы мен тозығын ажырата білу де ескертілген.

Ұлтымызға тән сөз мәдениеті, тіл мәдениеті, шешендік өнер де әке әңгімесінен сырт қалмаған. Тіл құдіреті, тіл мен ой бірлігі, тілмен жеткізе білу және қорғану, сөз ұғу, сөздің төркініне мән беру, билерге тән сөз саптау, керек жерінде сөз сақтау (үндемей қалу), жанама айтылған сөздердің танымдық-тағлымдық мәні — осылардың бәрі туралы орамды ойлар жеткілікті.

Ұлтымыз табиғаттың төл баласы. Өйткені көшпелілер жыл құсы сияқты табиғаттың ыңғайына қарай шаруашылығын жүргізген, денсаулығын күткен, оны келер ұрпағына мирастап отырған. Сондықтан автордың әкесінен естіген әңгімелерінің біраз бөлігінің осы тақырыпты қамтуы да кездейсоқтық емес. Олар: аңшылыққа, елшілікке, бітімшілікке қатысты, немесе, табиғат пен адам арасындағы тылсымға бойлау т.б. болып кете береді.

Көшпелі, қарапайым қазақ жер суының қадір қасиетін, төрт-түлік малының жағдайын жетік білген. Біздің тілімізбен, түсінігімізбен айтқанда, олар әрі ботаник, әрі зоотехник және мал маманы болған. Мал баққан халық ауа райын, жыл мезгілін, аспан денелерін, оның құбылыстарын бақылап, тамаша тәжірибелік, танымдық - практикалық қорытындылар жасаған астроном да болған. Кітаптың осы мәселелер бойынша әке білігімен айтылып әңгімеленетін “Аттың сыны” бөлімі бұлар туралы оқырманға біраз тағлым мен таным береді.

Қазақта “ер қанаты ат” дейді. Соған байланысты ертеде ел қатарлы қазақтардың ішінде ат ұстап мінбегендері, ат баптамағандары болмаған. Бұл бір үлкен тағлымды-танымды өнер іспеттес болған. Ол өнердің қайсыбірі әкеден балаға ауысып отырған. Атқа қонған қазақта ерік, жігер, патриоттық сезім пайда

болып, ол ат үстінде алыса, жығыса, жағаласа, таласа жүріп есесін жібермеуге тырысқан. Жәкеңнің атасы Әбділдә, өз әкесі Мүбәрак ат қадірін білген адамдар, жас Жабайхан соны көре өскен, өзіне керегін жадына сақтап келген. Кітаптағы “Толыбай сыншының баласы туралы”, “Әкемнің жылқылары туралы”, “Аттың сыншысы”, Райбай, Құлан, Көлтай, Маса торылар туралы әңгімелер, “Тақыр қара ат”, “Бурыл ат”, “Тұмсықтың көк аты”, “Базардың қарагері”, “Ала айғыр”, т.б. сол ойымызды растайтын дүниелер.

Қазақ өмірі, оның тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымының тұтаса жетілуі өткен ғасырларда ең алдымен малмен шұғылданған көшпелі халықтың тұрмыс қажеттерімен тығыз байланысты. Өйткені, “қойға өзінен басқаның бәрі жау”, ал “жылқы айдаса жаудікі, ысқырса желдікі”. Сондықтан да жалпы аяқты дәулет — айтыс — тартыстың, дау — таластың айықпас көзі болған. Бұл үрдіс өмірімізге күні кешеге дейін ілесіп келді, ал ауылда ақ адал малдарының қолды болып кетулерінің салдарынан заң орындарына жүгініп жүргендер әлі де бар. Жабайхан Мүбәракұлының кейбір әңгімелерінде бұрынғы күн мен бүгінгі күнді “байланыстырып” тұрған осы келеңсіз құбылыс та сырт қалмаған.

Әрбір ұлт, халық тарихында қатарынан үздік шығатын ғажайып таланттар болады. Ғасырда ма, әйтеуір ұзақ сағындыртып дүниеге келер ондай перзентін қазақ халқы “біртуар” деп атайды. Қатарынан оза шыққан ондай таланттар өмірде аз жасай ма, көп жасай ма, әйтеуір халықтың азаматтық тарихын, оған сабақтас рухани тарихын олжаға кенелтіп, көркейтіп кетеді, тұтас дәуірге, өзі өмір сүрген ортаға айрықша ықпал етеді, өмірде өз-таңбасын қалдырады, тұтас бір кезеңнің келбетін анықтайды. ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы нақақ жаланың құрбаны болған Алаш азаматтары сондайлар қатарында еді. Жабайхан Әбділдин осы арыстарымызды арашалаушы Мемлекеттік комиссияның төрағасы болды. Сол тұста ол әрбір мәселеге байыппен қарады, әріптестерінен де

соны талап етті, шолақ белсенділіктің белең алып кетпеуіне, ел арыстарының тағдырына қатысты мәселелердің ойдағыдай шешілуіне оң ықпал етті. Бұл еліміз тарихындағы күрделі, саясаттағы аумалы-төкпелі кезең еді. Кемел, дана адамдар көп нәрсе тындыра алады, бірақ бәрін тындыра алмайды. Өйткені, ол өзі өмір сүрген қоғаммен шектеулі, қоғамда өлшеусіз ерік ешкімге берілмеген. Осыны түсінген Жабайхан Мүбәрақұлы сол тұстағы мүмкіндіктерді пайдалана отырып Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сияқты арыстарымызды ақтап шығуға аянбай ат салысты. Кітаптың “Алаш азаматтарының ақталуы” бөлімі осы істің қалай атқарылғандығы туралы.

Әр халықтың маңдайына жарқырап біткен жарық жұлдыздардай жайсаң ерлері бар. Олар – ел мақтанышына айналған көрнекті қайраткерлер, ғұлама ғалымдар, заңғар ақын-жазушылар, туған жерін жаудан қорғаған батырлар, еңбек қаһармандары, өнер мен спорт саңлақтары... Кітаптың “Қазақ зиялылары өмірінің кейбір сәттері” деп аталған бөлімінде әңгіме осындай жандар туралы өрбіген. Олар Жамбыл, Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, Н.Сауранбаев, Ш.Шокин, Күләш, Шара, А.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов, С.Кеңесбаев, Х.Ерғалиев, С.Зиманов, М.Балақаев, Ш.Сарыбаев тағы басқалар туралы.

Автор бұлардың көбін көре қалды, біразымен қызметтес болды, немесе, жұмыс бабымен кездескен. Әңгіменің негізгі арқауы – зиялыларға да баршамыздың бойымызда бар адами қасиеттердің тән екендігі. Адам өміріндегі асыл қасиеттер мен пендешіліктің, мықтылық пен әлсіздіктің, ұлылық пен кішіліктің, кеңшілік пен таршылықтың, қуаныш пен мұңның, ашу, ыза мен күлкінің, қарапайымдылық пен такашпарлықтың қат-қабат келіп жататын жоғарыдағы зиялылар өмірінің бір сәтін баяндау арқылы берілген.

“Адам - әдебімен көрікті” деген халық даналығы жан – жақты, жарасымды даму арқылы жүзеге асады.

Дамудың, өркендеп өсуінің ең негізгі көрсеткіштерінің бірі — тіл. Тіл — халықтың өмірі, оның әдет-ғұрпын, ойлау жүйесі, дүниетанымы, тарихы. Тіл бала бойына ана сүтімен бірге енеді, айналадағы құбылыстарды байқау, тану үстінде қалыптасады. Тілді ол ойнап отырып та, жылап отырып та, күліп отырып та қабылдап, шымшымдап сіңіреді, сол арқылы санасы қалыптасады. Осыны бойына терең дарытқан кейінгі қазақ зиялыларының әзіл-қалжыңы, ой - қисындары, түсінік — түйіндері арқылы, автор біздің осы дәстүріміздің өз жалғастығын тауып келе жатқанын көпшілік қауымға жеткізе білген.

Асылы осындай авторлы сөздер ежелгі ауыз әдебиетінің жалғасы және жаңа көркем жанрдың бір бастауы болып табылады. Өйткені, көбінесе ауыз әдебиетіндегі басқа жанрлардай емес авторлы сөздерде ойдан шығарғаннан гөрі реалистік оқиғалар, өмірде болған адамдар, олардың арасындағы қарым-қатынастар әңгімеленеді. Жабайхан Мүбәрақұлы кітабының бұл тұсы сонысымен де құнды.

Кітап бір қарағанда тосындау көрінетін И.В. Сталин туралы әңгімелерімен аяқталған. Әрине, Сталин туралы көп айтылды да, жазылды да. Бірақ, автордың бұл мәселені қозғауы бұрынғы бізге белгілі жәйттерден өзгеше. Философ - ғалым И. Сталинге қатысты әңгімелер топтамасын танымдық тұрғыдан қарастырған. Осы әдіспен ол Сталинді бірінғай жаман жағынан көрсетуден де, мақтап арашашы болудан да бойын аулақ ұстаған. Сондықтан да ол тарихи жеке тұлғаның кейбір пендеге тән қасиеттерін қарастыра отырып көрсетіп, тағлымдық тұстарына тоқталған.

Тарихтан белгілі И.Сталин қарама-қайшылықты тұлға. Ол бір жағынан қатал, екінші жағынан әділ, тәртіп пен бақылауға да ерекше көңіл бөлген. Бұларға қоса ол адамдардың ішкі дүниесін, қабілетін терең түсінген психолог. Ең бастысы көптеген мәселелерге өзі тікелей араласып, көріп, қолма-қол шешім қабылдап отырған, бір сөзді болған, кадрларды тани білген,

керегіне қарай пайдаланған. Ғылымға, өнерге, әдебиетке, қорғаныс саласына ерекше қараған. Осы және басқа жағымды қасиеттерден бүгінгі күнгі әр деңгейдегі басшыларымыз бен саясаткерлеріміз үлгі алса да артық болмас еді. Әңгіме арқауы И.Сталиннің жеке басынан гөрі осындай, кейбір үлгі алар тұстарына көбірек ойысқандығымен де құнды.

Асыл — маржан ару мойнына, алмас қылыш ер қолына жарасатыны сияқты сөз асылы да өз орнында құнды. Сан ғасырлар, немесе, сан жылдар өтсе де халық жадында сақталып, көптің талғамы мен талқысынан, ой елегінен өткен ел арасындағы елең еткізер таным-тағлымдық әңгімелер әлденеше ұрпақтардың сана — сезімін аралап, көптің көкейіне орнығады. Осы ойлы, сырлы сөздерді жаттап жадында сақтаған, керекті, кезекті жерінде жаңартып, жасартып кәдесіне жаратқан ұрпақ кенде болмайды.

Қазақстандық философиялық мектептің негізін салған, өмірдің даму диалектикасын терең түсінетін ғалым — философтың бұл еңбегі де біздің ойымызша осы мақсаттарды көздеген.

Сонымен, оқырман қауым, белгілі ғалым, қазақ зиялыларының шоғырында өзіндік орны бар Жәкенді, Жабайхан Мүбәрақұлын, жаңа қырынан танытқан шығарма дүниеге келді. Оқыңыз.

**Ә.КЕКІЛБАЕВ,
А.Т. ТАЙЖАНОВ**

АВТОРДАН

Халқымыздың ежелден келе жатқан тамаша дәстүрінің бірі жұрт жиналып, бас қосқан уақыттарда әңгіме айту, сөз тыңдау. Бұл дәстүр тереннен келе жатқан мәдениетіміздің бір нұсқасы, құнды қыры десек артық айтқан болмаймыз. Азаматтардың бастары қосылған жерде, тойда, қонақта әр уақытта ән айтылып, күй тартылған, әңгіме тыңдалған. Халқымыз күйді, әнді, әңгімені қатты бағалап, оны рухани байлығымыз, таусылмас қазынамыз деп түсінген. Өзінің көп ғасырлық тарихында қазақтар әңгімені, әнді, күйді жетілдіріп, толықтырып, дамытып отырған.

Қазақтар тойды, қонақты жақсы көреді дейді. “Жүздестік, көрістік, бір жасап қалдық”, — деп жатады. Соның түп негізіне, мақсатына зейін салсақ, ол тамақ ішу, көңіл көтерумен ғана шектелмейді. Сұхбаттасудың, диалогтасудың, әңгімелесудің ең маңызды мақсаты — рухани кемелдену, өсу, адамгершілік принциптерді өз ойына сіңіру, адамды құрметтеп, қадірлей білу сезімін дарыту. Жаратушының құдыретімен пайда болған адамның дүниеде қайталанбас құндылық екендігін әңгімелесуге қатысушыларға таныту. Әңгімелесуді әнмен, күймен, сауықтармен сәулеттендіріп, өмірге шынайы күштарлықты арттырған. Халқымыз отырыстағы уақыттарын, жүздескен кездерін мағыналы, қызық өткізген.

Өкінішке орай кейінгі жылдары әңгіме естіу, сөз тыңдау дәстүріміз мүлдем азайып бара жатыр. Бүгінгі күні бас қосу да, той жасау да, қонаққа бару да азайған жоқ. Бірақ әңгіме естіу, сөз тыңдау дәстүрі қалып, оның орнына үлкен де кіші де тост айту дәстүрі қалыптасты. Тосқа әрине ешқандай қарсылығым жоқ. Алайда, әңгіме мен тостың арасы жермен көктей. Егер әңгіме ежелден келе жатқан көне мәдениетіміздің бір нұсқасы десек, одан халқымыз үйренген, тәлім-тәрбие алған болса, тостың рухани құндылығы шамалы, ол шарап ішуді жеделдететін тәсіл секілді. Өзім де көріп жүрмін,

әңгіме айтылған, күй тартылған, ән шырқалған жерден оралғанда өзінің рухани байығанынды сезінесің, өзіңе-өзің риза болып қаласың. Керісінше тек тост айтылған жерден қайытқанда көбінесе шаршағанынды сезінесің. Алғандарың аз, есінде қалғандары тіпті жоқтың қасы болып шығады. Әңгіме айту мәдениетінен азаматтарымыз кісілікке үйренсе, рухани жағынан байыса, ал тоста бір ойын мың рет қайталап айта беруі мүмкін. Сондықтан бабаларымыздан келе жатқан, мың жылдық тарихы бар асыл мұраларымызды қайта жаңғыртқанымыз абзал.

Менің әкем әңгіме айтып отыратын кісі еді. Өзім әңгімені жақсы көретінім сонша, бар ынтаммен тыңдаушы едім. Осы әдетім бойынша ғұлама ағаларымыздың, үлкен ұстаздарымыздың да әңгімелерін бар ниетіммен тыңдап, есімде сақтап, реті келгенде айтып жүремін.

Осыдан екі жыл бұрын жол түсіп Иранға бардым. Сол елдегі философтармен кездесіп, баяндама жасадық. Өзіміз бас қосып отырған жерде, самолете әңгіме айттым. Иранның елшілігінде қызмет істейтін Ислам Жеменей деген қазақ жігіті маған мынадай ұсыныс айтты: “Жәке, мына әңгімелер құнды ғой, осыларды қағаз бетіне түсірмейсіз бе?”— деп. Өзім де осылай деп ойлайтынмын. Мына сөз тіпті қамшы болды. Сондықтан да есімде қалған, жадымда сақталған әңгімелерді қағазға түсірдім.

Адамзат тарихында жалпы білім мен ғылымды таратудың негізгі екі жолы қалыптасқан. Біріншісі, профессионалдык, ал екіншісі, жалпы рухани білім.

Қазақ даласында бірнеше ғасыр бойы қалыптасқан арнайы ғылым мекемелері, институттар, университеттер, академиялар болмағанмен, жастарды өмірге, адамгершілікке баулитын әлеуметтік маңызы зор рухани бағыттар мен мектептер болған. Қазақтың әңгіме тыңдау, әңгімелесу дәстүрі сондай қуаты мол рухани білім беру жолы деп білемін. Қазақи әңгімелесу-

ұлы мектеп. Ол адамның ойлау қабілетін жетілдіретін, өсіресе жастардың адамгершілік көзқарасының қалыптасуына, адамдардың туысқандық, бауырмалдық, мейірбандық сезімін еселейтін өнеге мектебі.

Көрнекті жазушымыз М.Әуезов Жапонияның тез арада ілгері даму себептерінің бірі және ең бастысы — жаңа технологиялар мен ұлттық төл рухани құндылықтарды сабақтастыра білуінде деп атап көрсеткен болатын. Байыптап, үңіле ойлансақ М.Әуезовтың пікірінде үлкен мән бар.

Сондай ұлттық ғажап дәстүріміздің бірі — әңгіме айту, тыңдау дәстүрі. Сондықтан осы дәстүріміз бүгінгі ақпараттық дүмпу заманында ұмыт қалмасын деген ниетпен өз басымнан кешкен оқиғалар, әңгімелер, кездесулер туралы есте қалғандарым мен толғаныстарымды жинақтап, көпшілік назарына тарту етемін.

Ата-анасымен, ауылындағы қадірлі қариялармен, дарынды замандастарымен кездескен сәттерде мағыналы әңгіме айта білетін, оны тыңдай білетін, сол арқылы өзінің рухани өсуіне нәр ала білетін оқырмандарыма осы кітапты ұсынамын.

Сөз соңында осы кітапты баспаға дайындау жолындағы көмектері үшін автор Жүмәділова Мейрамгүлге, Тайжан Алтайға, Идрисов Қабдешке өзінің ризалығын білдіреді.

Ж. Әбдідин

ӘКЕМНЕН ЕСТІГЕН ӘҢГІМЕЛЕР

Мұса мырза мен Торсықбай

Мұса — мырза өз заманындағы көпке белгілі аға сұлтандардың бірі. Бірде ол сол кездегі мырзаларға тән әдетпен серуендегісі келіп, қыс жаңа түскен уақытта қасына жолдастарын ертіп аңға шығады. Мұсаға жиналған топ арасынан Торсықбай атты бір жігіт ерекше ұнайды. Оның астындағы аты жүйрік, ұшырған құсы мен иті де өте алғыр екен. Бір сөзбен айтқанда, нағыз бесаспап жігіт көрінеді. Мұса мырза оның сөзге шебер екенін де байқайды. Көңілі кеткені сонша, Торсықбайды аталы жерден шықпағанына қарамастан, сол кезеңмен тұспа-тұс келген бір елдің болыс сайлауында болыс қылып тағайындап кетеді. Аға сұлтан өз қалауымен қойғаннан кейін, көпшілік ел, іштерінен риза болмаса да, наразылық танытпайды. Бәлендей бір ел болғандықтан олардың іш тартпайтын себебі де бар. Бұрыннан келе жатқан дәстүр бойынша, болысты байдың немесе бидің, яғни, бақ-дәулет дарыған тұқымның бірінен сайлаған. Ал, енді Торсықбайды алатын болсақ, оның үрім-бұтағында би-болыс болған адамдар жоқ. Сондықтан бұл елдің адамдары мұндай шаруадан шыққан орта жігітті менсінбейді. Бірақ, ел Мұса мырзаға ол ойларын айта алмастан, көңілдері толмай қаймығып жүреді.

Осы уақытта бұл елге қонақ болып, Мұсаның жиендері келеді. Олар ел аралап, қонақта жүргендерінде байдың тұқымдары ақырын сөз бастап: “Біз, әрине, Мүсекенді сыйлаймыз. Оның әрбір сөзі біз үшін заң. Бірақ, Мүсекен ел басқаруды тегінде би, болыс болмаған, белгісіз адамға табыстады” - дегенді айтады. Осындай өкпе-назды әр жерден естіген жиендері Қарқаралыға оралған соң нағашысына келіп: “Сіз Торсықбай деген кісіні әлгі елге болыс қойған екенсіз. Ел сіздің бұл үкіміңізге онша риза емес. Себебі оның тұқымында іліп алар кісілікті адамдар болмаған екен. Сондай адамды болыс қоюыңыз асығыстық болған екен”, — деп, елден естіген сөздерді айтады. Мұса мырза ойға қалып, мен мүмкін мына жігіттің пысықтығына риза болып, тым үстірт шешім қабылдаған болармын. Сол адам өзіне жүктеген міндетті атқара алмай жүрген шығар деген ойға қалады. Елдің наразылығын танытушы бетке ұстар адамдардың сөзіне құлақ түрген Мұса мырза бұрынғы шешімін өзгертіп,

Торсықбайды болыстығынан босату туралы қағаз жібереді. Торсықбай болыстығынан түскеннен кейін, бұрын оны “Тоқа” дегендер енді, қайтадан “Торсықбай” дейтін болыпты.

Бір күні Торсықбай жуан торы атын ерттеп жатса, көршілерінің біреуі: “Өй, Тоқа, жолың болсын! Ертемен бір жаққа бара жатырсың ба?” — деп сұрайды. Оған Торсықбай: “Қарқаралыға барып, болыстығымды қайтарып алмақпын,” — деп ойын айтады.

Бұл сөзді естіген байлар оны күлкі қылып: “Өмірінде қалтасы ақшаға жарып, кісілікті адам болып көрмеген ол, аяқ астында болыс болды. Оны болыстықтан алып тастағаннан кейін, қайтадан сол қызметіне кім қояды екен? Ақылсыз!” — деп мазақтайды. Бұл сөзден бейхабар Торсықбай ақырындап, Қарқаралыға кешкісін жетіп, бір досының үйіне түседі. Біраз демалып, осы жерге түнеп, таңертең қымызын, шайын ішіп болған соң, сыртқа шығып, Мұса мырзаның үкімет үйіне келеді. Он екі қанат ақ үйдің алдында күзетші тұрады екен. Ақ үйдің жанына келіп күзетшіге: “Айналайын, менің Мүсекенде бір шұғыл жұмысым бар. Мені кіргіз” — десе, өлгі жібермейді. Жібермегеннен кейін ол көп кідірместен, күзетшіні кеудесінен итеріп тастап, ішке қойып кетеді. Кіріп келсе, Мұса мырза жібек төсектің үстінде жатыр екен. Торсықбайдың рұқсатсыз кіріп келгенін жақтырмай, теріс қарайды. Сонда Торсықбай тұра қалып:

“Ей, Мұса аға,
Айдын шалқар көл едің,
Қататұғын күн туар.
Түлкі, қарсақ үстіңнен,
Жорытатын күн туар.
Сом темірге балға бар,
Сотсынғанға Алла бар,
Көтер басыңды сәлемімді қабыл ал”, — деген екен.

Мұса мырза мұндай сөзді естіген бойда, басын төсектен жұлып алып: “Өй, Торсықбай, сен бір әдемі сөз айттың ғой, қайталашы”, — депті. Торсықбай: “Мұса аға, о не дегеніңіз. Ақысын берсеңіз айтылмайтын сөз бар ма?” — дейді. Оның келген себебін түсінген Мұса: “Торсықбай, сұрағаныңды бердім. Айта бер. Алланың жаққан шырағын адам үрлеп сөндірмес болар”, — деген екен.

Сөйтіп, Торсықбай тұқымында дәулетті, ықпалды аталары болмаса да, шешендігінің, өткір мінезінің арқасында Мұса мырзадан болыстығын қайтарып алып, еліне оралған екен. Көп жылдар Торсықбай сол елде болыс болып тұрыпты-мыс.

Тәттімбеттің “Сылқылдағы”

Қазақ халқында кереметтей күйшілер өте көп. Төкпе күйдің атасы — Құрманғазы десек, шертпе күйдің атасы — Тәттімбет екеніне ешкім шек келтірмейді. Тәттімбет Арқаға, жалпы бүкіл қазақ даласына атышулы күйшілердің ең асылының бірі. Оның шыққан тегіне келетін болсақ, арғы атасы — атақты Қаз дауысты Қазыбек те, өз атасы Қазанқап күллі қазаққа белгілі ірі би болған.

Тәттімбет өзінің күйлері дүниеге келер алдында, сол төңіректің әдемі жерлерін аралап, сауық құрады екен. Ол жерлерді дәм жазып, мен өзім де көрдім. Ана жылы Қарқаралыдан келе жатып, Қалмаққырғанға қарай жүрдік. Одан шыға бере Балқан тауына жеттік. Мұндағы таулар — орташа дөңес асулар. Яғни, Солтүстік Арқаға тән жиылған жүк тәрізді үсті-үстіне қаланған текше таулар. Одан — Егіндібұлақ, сол жағында — Баян, Қызыл тау, Ақбет тау, оң жағында — ылғи ғана Түндіктің өзені. Оның айналасы жағалай өскен қалың ағаш. Әсіресе, аршаның иісі төңіректі алып жатыр. Сол сапарда Тәттімбеттің ауылына келіп, оның зиратына да бардық. Қазанқаптың ескерткіші де осы жерде. Кезінде күйші аралаған табиғатты өз көзіммен көріп, мен оның Саржайлауының тереңдігіне қайта сүңгітім. Жаңаша сезіндім.

Сонда бұл жерлерге қарап отырсаң, он екі-он тоғыз шақырымдай бірыңғай ойпаң, бидайық екен. Бидай өсіп тұрғандай жердің барлығы желкілдеген жасыл желек. Әсемдік тұнған осындай жерді, маңайдағы киіз үйлерді көргенде Саржайлаудағы әдемі саз дыбыстар өзінен-өзі-ақ сезілді.

Тәттімбет Түндік өзенінің төңірегінде аң аулап жүрген уақытта, табиғатпен қауышып, үндесіп жаңағы тамаша күйлер шығаруы әбден мүмкін. Ол жолдастарымен демалып, рахаттанып, кешкісін сол төңіректегі бір байдың үйіне келіп түседі. Тәттімбеттің керемет күйші екендігі жұрттың барлығына мәлім. Байдың өзі де күйді сүйетін сауықшыл кісі екен. Тәттімбет келгеннен кейін мал сойып, байдың үйінің

айналасындағы көршілердің барлығы жиналады. Сөйтіп, Тәттімбетке: “Ал, қарағым, енді өнерінді көрсет. Таныт бізге күйлерінді,” — депті. Күйлерді бірінен соң бірін тартып, жұрттың бәрі рахаттанып күлкі мен думанға қарқ болады.

Сол байдың өте сұлу жалғыз қызы бар екен. Түнде, Тәттімбет жастықтың лебімен байдың қызын оятпақшы болады. Бұрындары қазақта қонақ болған үйдегі қызды, келіншекті “ояту” дәстүрі болған көрінеді. Тәттімбет сол рәсімді орындап, қызды оятады. Қыз оянып кетіп: “Біз сізді өте сыйлаймыз, әкем де сізді сондай құрметтейді. Ауылдың барлығы сізді пір тұтады. Сіздің күйлеріңіз біз үшін үлкен рухани азық. Бірақ сіздің мені оятқаныңыз дұрыс емес. Сондықтан да орныңызға барыңыз”, — депті. Тәттімбет сөзден ұтылып: “Келешекте бір үміт бар ма?” — деп қызға өзінің көңілін білдіреді. Оған қыз: “Үміттенбеңіз. Мен сізді жақсы көрмеймін”, — деп өзінше әсерлі етіп айтқысы келіп: “Мен әкемнің жалғыз қызымын. Ол өмірімде маған бір жаман сөз айтып көрген жоқ. Тіпті, осы әкем маған бір жаман сөз айтып қалса ғана бірдеңе болуы мүмкін. Мұндай болмайтын нәрсе. Сол сияқты сізбен біздің жақын болуымыз да бұл дүниеде болмайтын нәрсе”, — деген екен.

Қыз ауыр сөздер айтқаннан кейін Тәттімбет өзінің орнына келіп жатады. Таңертеңгісін жолдастарымен шайларын ішіп, елдеріне қайтып кетеді. Сөйтіп уақыт өтіп жатады. Бір жылдан кейін жаз шыға Тәттімбеттің шабыты келіп, көңілін көтеріп, өзінің жылдағы әдетімен жолдастарын ертіп, табиғатты аралап, аң аулап серуен құруға шығады. Табиғатта серуен құрған адамның көңілі шалқып таситыны белгілі. Осылайша Тәттімбет жаңағыдай көңіл-күйде тұрғанында оның ойына “Тәттімбеттің сылқылдағы” деген күй келеді. Бұл — Тәттімбеттің тамаша күйлерінің бірі.

Кеш түскен соң, Тәттімбет жолдастарымен баяғы байдың үйіне келеді. Оның келгеніне бай қатты қуанып, мал сойылып, қымыз сапырылып, шай ішіледі. Көршілердің барлығы байдың үлкен үйіне жиналады. Бай сазгерден күй сұраған соң, ол әлгі күйлерді орындап шығады. Тәттімбеттің керемет күйлеріне тәнті болған үй иесі қатты толқып, отырған күйінде жылжып оның қасына қалай келіп қалғанын байқамай қалады. Мұны байқаған күйші байға: “Сіз күйді сүйетін жаныңыз нәзік адамсыз. Мен күйді тартқанда тындаушым дәл сіздей болуы керек қой. Сіз мені ұнатып тындайтын болғандықтан жаңа шыққан “Сылқылдақ” деген

күйімді тартып берейін”, — дейді. Бай Тәттімбеттің қалауымен алғаш рет, ешкім естімеген күйді тыңдап отырады. Күйдің әлгі кісіге қатты әсер еткені соншалықты ол шалқып, қуанышы ішіне сыймай, Тәттімбетті мақтай жөнеледі: “Әй, Тәттімбет, саған Құдай текті де, келбетті де аямай берген ғой. Арғы атаң - Қаз дауысты Қазыбек, ал, бергі атаң - Қазанқап. Сен осылардан шыққан тектісің. Енді болмыс бітіміңе келетін болсақ, сен жігіттің сұлтанысың. Сендей сұлу жігіттер халқымызда сирек кездеседі ғой. Сонымен қатар, Құдай саған күйшілік өнер сыйлаған. Сен теңдесі жоқ күйшісің. Күй тартқан кезінде жанымыздың түкпіріне дейін жетесің. Алла Тағала саған жақсылықтың бәрін берген ғой”, — дегеннен кейін артынша бір қалжың айтқысы келіп: “Осы өзің сияқты жігіттерден бұл дүниеде құтылатын төмен етекте бар ма екен?” — деп сұрапты. Оған Тәттімбет күліп: “Ол не дегеніңіз, аға, ондай-ондай болады ғой”, - дегенін естіген бай: “Әй, құрысын, ондай болса, оның атасының аузын ұрайын”, — дейді. Бұл әңгімені манадан бері пештің түбінде тыңдап отырған байдың қызы үйден жүгіріп шығады. Бірақ оның себептерін сезген еш адам жоқ. Дегенмен, сол күні түнде Тәттімбетті қыз өзі келіп оятқан екен.

Абай мен Масаның қызы

Павлодар өңірінің Бестау деген жерінде арғыннан шыққан бәсентиін руының сырым деп аталатын тармағы бар. Осы сырымдардың төрт түлік малы мыңғырған Маса атты атақты байы болған екен. Байдың дәулеті соншама мол болғанымен, баладан жалғыз-ақ қызы болыпты. Ол өзі сұлу, ерке болғандықтан, еркек балаша киініп, байдың небір сәйгүлік, жүйрік аттарын мініп жүреді.

Бірде, ол қыз күнделікті мінетін жүйрік құнан үйреттіріп алмақшы болып жылқышыға келеді. Жылқышы өте сұлу, сері жігіт екен. Осылайша екі жас ат үйретеміз деп жүріп бір-біріне ынтызар ғашық болады. Екеуі некелесіп үйленейін десе, қызды басқа біреу айттырып қойған екен. Оның үстіне жылқышы жігітті Маса өз қызына тең көрмейтіні белгілі. Көңілдері әбден жабырқаған екі жас айырылыспауға бел байлайды. Өздеріне кедергі жасайтындардан құтылу үшін, махаббаттың туын биік көтерген ақын Абайды паналамақшы болады. “Бізге қол ұшын беріп, көмек көрсететін, тек қана Абай. Маса қанша мықты болғанмен, кешегі аға сұлтан

Құнанбай аулына қарсы келмейді. Күш көрсете алмайды”, — деп шешіп, екеуі ең жүйрік жақсы аттарды жаратып дайындайды да, бір түнде тартып отырады.

Бестау мен Абай аулының арасы 250 шақырымдай жер болғандықтан екеуі күн-түн жүріп бір уақыттарда тиесілі жерлеріне келіп жетеді. Бұл кезде қыздың ауылы екеуін шарқ ұрып іздеп жатады. Екі жас Абай аулына жасырын келіп, бірден ішке қойып кетпестен, кішкене дөңес таудың үстіне шығып, бақылап тұрады. Дәл осы кезде, ақын Абай ауыл сыртында қасындағы шәкірттерімен, жолдастарымен әңгіме-дүкен құрып отырады. Дөңде тұрған атты екеуді байқаған Абай, олардың тұрған жайын біліп келуге қасындағы жігіттердің бір-екеуін жібереді. Жігіттер бұл екеуіне жолығып, біреуі — Масаның қызы, екіншісі — оның жылқышысы екенін біледі. Олар өздерінің мұнда келген себептерін түсіндіріп: “Біз Абай ағаның ауылынан паналық сұрап келіп тұрмыз. Әрине, ертең Маса біздерді іздеп, бүлік шығаруы да мүмкін. Оған тойтарыс бере алатын, тек Абай аға ғана деп, сеніп келдік”, — дейді.

Жігіттер Абайға бұл екеуінің келу себебін түсіндіріп, жағдайды түгел баяндап шығады. Оған Абай: “Ондай болса, қазір екеуіне киіз үй тігіндер, ішіне дүние салындар. Керек нәрсенің барлығын түгелімен беріндер. Малы да түгелімен біздің ауылдан болсын”, — деп нұсқау береді. Абай айтқаннан кейін, сөзін екі етпей барлығын тегіс орындайды. Екі жас елдің тіккен үйіне жайғасады.

Мұның барлығын Масаның жағы ұзынқұлақтан түгелдей естіп біледі де, сондарынан бірнеше адам қуғыншы жібереді. Артынша: “Біздің қызымызды қайтарсын”, — деп неше дүркін адамнан хабар береді. Бірақ оған көнбеген Абай: “Бұлар бірін-бірі сүйеді. Маған сеніп келіп отыр. Сондықтан мен оларды еш уақытта қайтармаймын. Тіпті көнбесендер мал аласындар,” — дейді. Амал не, Маса қанша мықты болғанмен, Құнанбай аулына қарсы шығатын дәрмені жоқ. Тек, наразылығын білдіргені болмаса, еш нәрсе жасай алмайды. Оның үстіне, Абай да табандап отырып алады.

Бір күні Абай әкесінің, туған-туыстарының көңіліне қарамай, сүйген жігітіне еріп кеткен келіншекті көрейін деп ойлайды. Ол кездерде Абай онша кәрі емес екен. Біреулерге ол әйелді көрсет деп те айта алмайды. Қайткенде де, сол келіншекті көрмекші болады. Әдетте, ол суды өзеннен таң атар-атпаста үйіне тасып алады екен де, күндіз тысқа

шықпайтын көрінеді. Оны білген Абай келіншектің дәл су алатын мезгілінде өзеннің басына келеді. Қолына кітабын алып, ақырын оқып отырады. Адамның барын сезбеген келіншек иінағашымен суды ала бергенде, Абай оның білегінен ұстай алады. Сол кезде келіншек: “Мырза, тоқтаңыз, мен сізге бір әңгіме айтып берейін”, – дейді де әңгімесін бастайды: “Баяғы заманда бір ханның ауылын арыстан шаба берген соң, жұрттың шырқы бұзылады. Халық одан құтылар амал таппай, өуре болып жүргенде, бір күні хан арыстанды алдына шақыртып: “Әй, арыстан, мен адамның патшасымын, ал, сен аңның патшасысың. Осылай жұртты шулатып, мазасын қашырып, ұрлық жасау саған келіспейтін нәрсе. Мен мынау бәйтеректің түбінде күнде бір ту бие байлатқызып қояйын. Сыбағаң болсын, тек өзін ғана жеп жүр. Одан біздің ел кедей болмайды. Тек, халыққа тиме. Шаруасын істеп жүре берсін”, – деп екеуі өзара келісіп, арыстан күнде бір ту бие жеп жүреді.

Бірде, қараса, семіз тор бие байлаған екен. Арыстан оны жеместен, құйрығымен жерді сабалап, арқырап, биенің ар жағына бір, бер жағына бір шығып шауып жүреді. Мұны көрген жұрт шошып, “арыстан жынданған болуы керек” деп ханға хабар береді. Артынша хан келіп: “Ей, арыстан, бұл тор бие өзі семіз, алдыңғылардан еш кем емес. Мұны жемей, ақырып, құйрығымен жер сабалап жатқаның не?” – дейді. Сонда арыстан: “Дұрыс айтасың, сен – адам патшасысың, мен – хайуанат патшасымын. Бірақ мына тор биені құлын күнінде қасқыр тартқан екен. Мен аң патшасы болсам, қасқыр тартқан малды жегенім бола ма?” деген екен. Сол сияқты, Абай аға, менің арманым – махаббатым. Мен махаббаттың құлымын. Мені ұстамаңыз, босатыңыз”, – дейді. Сонда Абай: “Махаббатты жоғары ұстаған адам дәл осындай болуы керек деп ойлап едім. Батамды берейін. Бақытты бол, шырағым,” – деп келіншекке батасын беріп ұзатқан екен.

Болыстың сөзден жығылуы

Баяғыда екі елдің арасында даулы мәселе туып, шешімін таппай іс барымтаға барады. Барымта – елдің шырқын бұзатын бөле. Сондықтан оны болдырмау мақсатында екі жақтың ақсақалдары, игі-жақсылары жиналып, үшінші жаққа жүгінуі керек. Сондай кездесуге дайындалып, бір жақтың

өңкей шешендері топтасып болысты ертіп ат шанаға отырады. Шанаға үш пар ат жегіп, үстеріне сәнмен түлкі ішік, қасқыр ішік, бастарына түлкі тымақ киіп, бір сөзбен айтқанда, барын киіп, бақанын сайлап, әлгі келісілген жерге келе жатады. Ал, екінші жақтың даушысы жалғыз жүретін адам екен. Қасына ешбір адам ертпей, астына жақсы ат мініп жолға шығады. Тек қасына бір қосшысын ерткен болуы мүмкін. Негізінен жалғыз келе жатыр дейді.

Ауылға кіреберіс жерде екі жақ кездесіп қалып, ат басын тіресіп бір-бірімен амандасып, жөн сұрасады. Сұраса келе, ертең дауласатын адамдар болып шығады. Бірінші жақтың болысы ұзын бойлы, келбетті адам екен. Ол мына бойы кішкентай ғана қарсыласын дауласқанға дейін мысын төмендетіп, кемітіп алайын деген оймен: “Әй, осы сіздің ауылдан бір жөні дұрыс адам табылмады ма? Өзіңе қарасам, бір торғайдай ғана бөлесің ғой. Тіпті, торғай дегенім осы артық-ау. Өрмекшідей-ақ қой бұл өзі. Тіпті, көтеріп айтсам, құлықтың құлыныңдай бөлесің ғой”, — дейді. Сонда мына кішкентай кісі жерге қараған қалпында:

— Мырза, болдыңыз ғой? — деп сұрайды. Ол:

— Болдым, — дейді.

— Болсаңыз, сіздің айтқан сөздеріңіздің бәрі дұрыс. Рас, торғай бір тапқанда сегіз табады. Оның бірі бұлбұл болады. Ертең бидің алдында елімнің жоғын жоқтап, сізбен жарысқан уақытта мүмкін мен бұлбұлдай сайрайтын шығармын. Екінші сөзіңіз де, мырза, өте дұрыс. Сіз мені өрмекшіге теңедіңіз. Өрмекші тоғыз табады. Тоғыздың бірі бүйі болады. Ертең бидің алдында сөз таластырғанда мен сізді бүйідей өлтіре шағатын шығармын. Үшінші, сіз мені құлықтың құлынына теңедіңіз. Оныңыз өте дұрыс. Құлық жалғыз табады. Бірақ кейде тұлпар табады. Ертең бидің алдында айтысып жарысқанымызда мүмкін мен сізді шаңыма да ілдірмей кететін шығармын. Атам қазақ дұрыс айтқан: “Малдың үлкені — соғым, адамның үлкені — боғым,” — деп. Сіз, мырза, мүмкін дәл менің отырып қойған боғым шығарсыз, — деген екен.

Сонда бағанадан өзінің қатесін мойындап отырған мырза шошып кетіп: “Ойбай, сен бір бөлесің ғой. Сенімен ертең жұрттың алдында сөз таластырамын деп жүрген мен де ақылсыз екенмін. Бір ауыз сөз айтып едім, жауабың қандай болды. Сен шынымен-ақ шешен екенсің. Сенімен айтысып мен ертең ешнәрсе ұтпаспын. Сені мұқатып, кішілігінді

бетіңе бастым. Артық айтқан сөзімнің айыбы ретінде мынау шеткі көк ат пен үстімдегі қасқыр ішікті берейін. Ал, біз енді анау ауылға айтысуға бармаймыз. Осы мәселенің дауын өзің айт. Соған тоқтаймыз,” – дейді. Болыс жаңағыдай кісілік көрсетіп отырғаннан кейін, мынау қара қылды қақ жарғандай етіп шындықтың барлығын айтып, екі жақтың дауын шешіп еліне қайтып кеткен екен.

Дос кетсе, түс кетеді

Арғынның ішінде орманшы, күлік деген екі ру бар. Осы орманшы мен күліктен екі жігіт дос болып, көрші тұрады екен. Бірде күлік жігіт бала-шағасын ертіп, жаңағы досы орманшы жігіттің үйіне қонаққа келеді. Досы келген соң жақсылап күтіп, кетерінде бір көк дөненін сыйға тартып: “Досым, сен маған қонаққа келген соң бір ат мініп кетуің керек. Саған мына көк дөненді сыйлаймын,” – дейді. Күлік жігіт досының берген сыйын алып кете барады.

Бір жылдан кейін жаңағы көк дөнен бесті болады. Сол жердегі үлкен тойға күлік жігіт осы көкбестіні бәйгеге қосады. Көкбесті бәйгенің алдында келіп, иесіне үлкен сыйлық тапсырылады. Сөйтіп елдің құрметіне бөленген күлік жігіті әркімдердің көңілін аулап, ат сыйлаған досы орманшы жігітті ұмытып кетеді. Бір сөзбен айтқанда көкбестінің олжасынан орманшы жігіт құр қалады. Мұны көрген орманшының достары: “Сенің досыңның кісілігі жоқ екен. Ондай достың не керегі бар. Атымызды қайтып алайық,” – дейді.

Сөйтіп кешке жақын күліктердің ауылына барады да, жайылымда жүрген көкбестіні алып кетеді. Аналар көкбестінің артынан іздеп келсе, бермей қояды. Екі елдің арасында дау басталып, жиырма жігіт барымтамен олардың бір үйір жылқысын айдап кетеді. Ал, орманшы жағы отызқырық жігітпен барады да байлардың екі үйір айғырын олжалайды. Екі жақ жылқысын ерсілі-қарсылы айдап жүріп халықтың мазасын кетіреді. Мұны тоқтату үшін екі ел ақсақалдары үшінші бір жерден төрелік сұрайды. Күлік жақтан құрметті ақсақал Ахмет деген шығады. Ал орманшыдан Мұхаметжан деген кісіні жібереді.

Таңертенгісін екі жақтың кісілері жиналып отырғанда Мұхаметжан кешігіңкіреп келіп, дауды бастаймыз дегенде орнынан тұрып: “Әй, Ахмет, мен сенімен көп сөйлесіп, таласып жатпаймын. Тек сен бір-ақ сұраққа жауап бер. Дос